

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 197ан Қаулысы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:  
көрсетілген қаулыға 269-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны "тізбе бойынша" деген сөздерден кейін ", оның ішінде Астана қаласының ЖЭО-2-сін, жылу тораптарын және энергия тораптары объектілерін кеңейту және қайта жаңарту жобасы бойынша мердігер ұйым аванс сомасына құбыр генераторын жеткізу жөніндегі келісім-шарт міндеттемелерін уақтылы орындауға және құбыр генераторының қалған құнына аккредитив ашуға екінші деңгейдегі банктің кепілдігін берген жағдайда құбыр генераторына тапсырыс беру үшін оның құнының 50% мөлшерінде аванс аудару үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың 2) тармақшасы "жабдықтарға тапсырыс беру үшін" деген сөздерден кейін ", оның ішінде құбыр генераторына тапсырыс беру үшін оның құнының 50% мөлшерінде құбыр генераторының қалған құнына аккредитив ашып" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*